
АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылдың «28» сәуірі

Зейнетақы активтері бойынша табыстардың асырып көрсетілгендігі және БЖЗК басшылығының миллиардтаған теңге көлемінде сыйақы алғандығы туралы ақпарат шындыққа жанаспайды

Бұқаралық ақпарат құралдарында депутат Е. Никитинскаяға сілтеме жасала отырып жарияланған ақпаратта БЖЗК-ның өз табыстарын қасақана асырып көрсеткендігі және компания топ-менеджерлерінің «30 миллиард теңге мөлшерінде қомақты өтемақы» алғандығы көрсетілген. Бұл шындыққа мүлдем жанаспайды.

Сондай-ақ, зейнетақы активтерін басқару бойынша қаржы есептілігі қате түсіндірілген. Соның негізінде зейнетақы активтері түсініксіз қағидалар бойынша басқарылып жатырмыс деген мәлімдеме жасалып отыр.

Бұл мәлімдеме де төменде көрсетілген негізде мүлдем шындыққа жанаспайды.

2013 жылы Қазақстан Парламенті қабылдаған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру, инвестициялау бағыттары және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу қызметі Ұлттық қорды басқару жөніндегі Кеңеске жүктелген. Бұл Кеңестің құрамына ҚР Парламенті Сенатының, Мәжілісінің, ҚР Ұлттық Банкінің, ҚР Есеп комитетінің төрағалары, қаржы-экономикалық блоктың министрлері кіреді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі Кеңес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Бұл Кеңестің құрамына:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің екі өкілі;
- 2) Қазақстан Республикасы Парламентінің екі депутаты;
- 3) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің жалпы санының отыз пайызынан саны кем болмайтын тәуелсіз сарапшылар кіреді.

БЖЗК зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Оның құрамында қазақстандық қаржы құралдары, олардың ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің борышқорлық құнды қағаздары және теңге, шетелдік валюта және алтынмен салынған салымдар бар.

Осылайша, зейнетақы активтерін басқару бойынша шешімдер қабылдаудың көпдеңгейлі жүйесі құрылған.

БЖЗҚ инвестициялық портфелінің құрылымы туралы бүкіл ақпарат, ҚР ҰБ Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №199-шы қаулысына сәйкес, тоқсан сайын БЖЗҚ интернет ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жария етіледі.

Бұл ақпараттар сондай-ақ зейнетақы активтері есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы мәліметтерден тұрады.

Сәйкесінше бұл мәліметтердің құрамында эмитенттер, қаржы құралдарының түрлері, қаржы құралдары номинирленген валюталар, сондай-ақ, БЖЗҚ инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының үлестік салмағы, атаулы және ағымдағы құны туралы мағлұматтар бар.

Аталған мәліметтер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурсында онлайн-режімінде «Инвестициялық қызмет – «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы» бөлімінде қол жетімді.

2016 жылы зейнетақы активтерін басқарудан тікелей залал келген жоқ. Керісінше 472 млрд. теңге мөлшерінде таза инвестициялық табыс алынды.

2016 жылы салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына 472 млрд. теңге мөлшерінде таза инвестициялық табыс үлестірілді.

Зейнетақы активтерін басқару бойынша табыстылық деңгейін тек бір жыл ішіндегі инфляция деңгейімен салыстыру дұрыс емес.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-бабына сәйкес мемлекет алушыларға зейнеткерлік жасқа толған кезде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді. Бұл жерде зейнетақы жинақтарының бүкіл мерзімі қамтылады.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері мен меншікті активтері бойынша қаржы есептілігі жыл сайын сыртқы тәуелсіз аудиторлық компаниялардың аудиті арқылы расталады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz